



"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № 904 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы
Президенті мен Үкіметі
актлерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2025 жылғы 10 маусымдағы
№ 904 Жарлығына
ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2021 жылғы 26 ақпандағы
№ 522 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: "адамға бағдарланған" "Ең алдымен адамдар" моделін құру

Мазмұны

1-бөлім. Паспорт

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

3-бөлім. Халықаралық тәжірибені шолу

4-бөлім. Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту пайымы

5-бөлім. Адамдарға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру жөніндегі негізгі қағидаттар мен тәсілдер

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер

1-бөлім. Паспорт

Атауы	Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: "адамға бағдарланған" "Ең алдымен адамдар" моделін құру
Әзірлеу үшін негіздеме	1) Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысының 2019 жылғы 15 шілдедегі № 19-01-7.25 хаттамасының 2.3-тармағы. 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 81-тармағы; 3) Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 260 бұйрығымен бекітілген Тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, доктриналарды (стратегияларды), кешенді жоспарларды әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібінің 31-тармағы
Әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
Іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар	Орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері
Іске асыру мерзімдері	2021 - 2030 жылдар

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Бүгінгі таңда бүкіл әлем турбуленттілік, өсіп келе жатқан құбылмалылық, әлеуметтік, экономикалық және саяси дамудың белгісіздігі дәуіріне аяқ басты.

Елдердің ауқымды сын-қатерлерді еңсеруі барысында мемлекетке деген қоғамдық сенім, оның өзгерістерге әзірлігі мәселелері ерекше маңызға ие болуда. Неғұрлым тиімді мемлекеттік басқаруға, азаматтардың басқарушылық шешімдер қабылдауға қатысуына деген сұраныс тұрақты түрде қалыптасуда.

Сонымен қатар мемлекет пен халықтың өзара іс-қимылының әкімшілік-бақылау нысанына негізделген мемлекеттік басқарудың қолданыстағы моделі халықтың көңілінен шықпай отыр.

Соның нәтижесінде мемлекеттік басқарудың сервистік және "адамға бағдарланған" моделін қалыптастыру қажеттігі пісіп-жетілді, онда азаматтар мен олардың игілігі басты құндылық болып қалады.

Осы Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: "адамға бағдарланған" "Ең алдымен адамдар" моделін құру (бұдан әрі - Тұжырымдама) мемлекеттік секторды трансформациялаудың мағыналық бағытын көрсетеді және мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың негізгі қағидаттарын, міндеттері мен тәсілдерін айқындайды.

Тұжырымдама азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылын, мемлекеттік қызметтің кадр құрамының сапасын жақсартуды, стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін, квазимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруды, мемлекеттік аппаратты оңтайландыруды және мемлекеттік қызметтер көрсетудің проактивті форматына көшуді, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды көздейді.

Бұдан басқа, Тұжырымдама міндеттерді мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің негізгі қағидаттары призмасы арқылы айқындайды.

Құжатта белгіленген нысаналы даму параметрлері мемлекеттік басқару реформасының кейінгі қадамдарын іске асыруға негіз болуға тиіс. Тұжырымдаманың ережелері мемлекеттік қызметті дамыту, құқықтық саясат, қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету, мемлекет қаржысын басқару, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамаларымен тығыз байланысты.

Осы құжаттардың жиынтығын мемлекеттік басқару сапасын арттыруға бағытталған шаралардың біртұтас жүйесі ретінде қараған жөн.

Егемен Қазақстанның дамуы әрбір кезеңде мемлекеттік басқарудың тиісті моделін талап етті. Бір модельден екінші модельге көшу экономикалық және әлеуметтік қайта құрулардың логикасына сәйкес келді. Елдің мемлекеттік басқару жүйесін дамытуда төрт кезеңді бөліп көрсетуге болады:

Бірінші кезең (1991 - 1997 жылдар). Мемлекеттік басқаруды институционалдандыру : мемлекеттік басқарудың базалық моделін енгізу, мемлекеттік тәуелсіздік негіздерін құру және мемлекеттік басқару жүйесінің құрылымдық реформасының басталуы.

Екінші кезең (1997 - 2007 жылдар). Әлеуметтік мемлекет: "алдымен экономика, содан соң саясат", "жалпыға бірдей ортақ әл-ауқат мемлекеті" немесе "жалпыға бірдей ортақ игіліктер мемлекеті" қағидаттарын енгізу. Мемлекет азаматтардың экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын қорғау мен дамытуда шешуші рөл атқарады.

Осы кезеңде "Қазақстан - 2030" стратегиясы және 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспар қабылданды, Қазақстан халқының Ассамблеясы құрылды, партиялық жүйе енгізілді.

Мемлекеттік басқару жүйесі директивалық модельден индикативтік модельге көшірілді, мемлекеттік қызметтің ұлттық моделі қалыптастырылды және мемлекеттік органдар нығайтылды, мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру басталды, даму институттары құрылды.

Үшінші кезең (2007 - 2017 жылдар). Қазақстанның әлемнің дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіруіне бағытталған "Қазақстан - 2050" стратегиясы және 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары қабылданды. Индустриялық-инновациялық даму, елді кешенді цифрландыру және жаңа инфрақұрылым (көлік, тұрғын үй,

энергетикалық, әлеуметтік және басқалары) салу бағдарламаларын іске асыру жандандырылды. Мемлекеттік активтерді басқару бойынша ұлттық холдингтер қалыптастырылды.

2011 жылы Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің тұжырымдамасы қабылданды. Мемлекеттік органдардың бесжылдық стратегиялық жоспарлары, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі, мемлекеттік аудит жүйесі, "А" корпусының кәсіби басқарушылары мен жауапты хатшылар институты енгізілді.

Төртінші кезең (2017 - 2020 жылдар). 2015 жылы елдегі мемлекеттік басқарудың жаңа архитектурасы үшін айқындаушы болған бес институционалдық реформа жария етілді. Мемлекеттік бағдарламалар саны қысқартылды, "Ашық үкімет" бастамасын енгізу және ықшам, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру басталды.

Бұл кезең шеңберінде мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне көшу іске асырылды, онда қызметке алғаш кіріскендердің кәсіптік қызметі төменгі лауазымдардан басталады, ал жоғары тұрған лауазымдарға орналасу жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметшілер арасында транспарентті конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру, яғни функциялардың бір бөлігін темен тұрған деңгейлерге, сондай-ақ бәсекелес ортаға беру жұмысы жалғастырылды. 2017 жылы билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу бойынша конституциялық реформа жүзеге асырылды, Қазақстан Республикасы Парламентінің (бұдан әрі - Парламент) рөлі және оның Қазақстан Республикасының Үкіметін (бұдан әрі - Үкімет) бақылауы күшейтілді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік басқару жүйесі реформасының бесінші кезеңі жүзеге асырылуда.

Бұл кезең конституциялық реформа жүргізуге түрткі болған мемлекеттік басқаруды трансформациялаудың басталуы болып табылады.

Мемлекеттік құрылыстың құрылымдық өзгерістері, оның ішінде ауқымды саяси қайта құрулар жүргізілді.

Бұл ретте 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформаға назар аудару қажет, онда басты мақсат биліктің монополиялануына ықпал еткен нормаларды алып тастап, саяси жүйені қайта жүктеу, парламентаризм мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, сондай-ақ мемлекеттің құқық қорғау институттарын күшейту болды.

Өкілеттіктерді мемлекеттік басқару деңгейлері арасында қайта бөлу шеңберінде Парламент пен Үкіметтің рөлі күшейді.

Сайлау жүйесіне реформа жүргізілді. Бұл өкілдікті арттырады және депутаттардың сайлаушылармен кері байланысын күшейтеді.

Жергілікті өкілді органдар бюджет және атқарушы органдардың қызметін бақылау мәселелерінде көбірек өкілеттік алды, бұл жергілікті жерлерде жауапкершілікті

арттырады және мемлекеттік басқару жүйесіне орталықсыздандыру жүргізілгенін айғақтайды.

Қазақстан адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық тетіктердің ролін нығайтты. Елімізде Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты толыққанды жұмыс істейді, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын мемлекеттік қорғауда қосымша кепілдіктерді қамтамасыз ету, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкілге азаматтардың, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын азаматтардың өз құқықтарын іске асыру үшін өтініш жасауын қолжетімді ету мақсатында өңірлерде омбудсмен өкілдері тағайындалды.

Бұдан басқа, өздерінің конституциялық құқықтары бұзылған жағдайда азаматтар Конституциялық Сотқа тікелей жүгінуге мүмкіндік алды, бұл халықтың құқықтары мен бостандығын қорғау тетігін күшейтеді.

2021 - 2024 жылдары бірқатар нақты іс-шаралар іске асырылды.

Мемлекет басшысының "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын орындау үшін мемлекеттік басқару деңгейлері арасында мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыруға бағытталған әкімшілік реформа жүзеге асырылуда.

Осылайша, "Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оларда құзыреттерді заңнама деңгейінде белгілеу бөлігінде мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыру және мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту көзделді.

Оңтайлы және тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру шеңберінде мемлекеттік органдардың қосалқы функциялары (персоналды басқару, құжаттамалық қамтамасыз ету, қаржыландыру, мемлекеттік сатып алу және мүлік, ішкі аудит) орталықтандырылды.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында функцияларды орталықсыздандыру бойынша жүргізіліп жатқан реформаға сәйкес Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің үлгілік регламенттері қайта бекітілді.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 және "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық

органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 874 қаулысын іске асыру үшін 2022 жылғы 1 қаңтарда мемлекеттік қызметшілер саны 15 %-ға (9610 бірлікке) қысқарды.

2024 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік органдардың штат санының лимиттерін ұлғайтуға және жаңа үстемеақылар белгілеуге екіжылдық мораторий енгізілді.

"Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 427 Жарлығына Қазақстан Республикасының Президенті енгізетін төтенше жағдайға ден қою қажеттілігіне, орталық органдарды немесе олардың ведомстволарын құруға, әкімшілік-аумақтық құрылысты өзгертуге байланысты жағдайларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша өзге жағдайларды қоспағанда, бос штат бірліктерін мемлекеттік органдар арасында қайта бөлу жолымен штат саны лимиттерін ұлғайту мәселелерін регламенттеу бөлігінде толықтырулар енгізілді.

Мемлекеттік аппаратта шешімдер қабылдаудың тиімділігі мен жеделдігін арттыру, атқарушы биліктің қызметін шамадан тыс заңнамалық регламенттеуді болғызбау, құжат айналымы мен есептілікті қысқарту, мемлекеттік органдар басшыларының дербестігі мен жеке жауапкершілігін арттыру мақсатында "Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығы қабылданды.

Осы Жарлықты іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 274 қаулысымен тиісті Іс-қимыл жоспары бекітілді, ол 30- дан астам іс-шараны қамтиды.

Үкімет, орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың саны 1 175-ден 592-ге дейін немесе 50 %-ға, оның ішінде Үкімет жанындағы 70-тен 25-ке дейін, яғни 64 %-ға, орталық атқарушы органдарда 189-дан 115-ке дейін немесе 39 %-ға, жергілікті атқарушы органдарда 916-дан 452-ге дейін немесе 51 %-ға қысқарды.

Үкіметтің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 жаңа регламент! қабылданды, онда құжаттарды қарау мерзімдерін екі есе қысқарту көзделеді.

Жалпы, бюрократиядан арылту бойынша қабылданған шаралар мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігі мен ашықтығын арттыруға және бюрократиялық кедергілерді азайтуға бағытталған.

Мемлекеттік қызмет мәселелерін шешу мақсатында мемлекеттік қызмет моделін қалыптастыруға, мемлекеттік қызметті кәсібилендіруге, HR-процестерді жетілдіруге

және басқаруға бағытталған, Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 602 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қолданысқа енгізілді.

Стратегиялық жоспарлау мемлекеттік басқарудың мақсаттарына қол жеткізудің маңызды элементі болып табылады. Осыған байланысты ұзақ мерзімді (бес жылдан астам) және орта мерзімді (бір жылдан бастап бес жылды қоса алғанға дейін) кезендерге арналған құжаттардан, қатысушылардан, процестер мен деректерді басқару қағидаттары мен элементтерінен тұратын өзара байланысты құрамдастар кешені ретінде айқындалатын икемді әрі ықшам Мемлекеттік жоспарлау жүйесі (бұдан әрі - МЖЖ) қалыптастырылды.

Осылай МЖЖ құрылымы мыналардан тұрады:

1) стратегиялық құжаттар - Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы;

2) іске асыру құжаттары - мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарлары.

Бюджеттік процесте шығыстары республикалық немесе жергілікті бюджеттен жоспарланатын дербес білім беру ұйымдарын дамытудың ұзақ мерзімді стратегиялары да қолданылады.

МЖЖ іске асыру үшін оның құжаттарын, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторингтеу және түзету әдіснамасы жаңартылды.

МЖЖ құрылымын оңтайландыру негізінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың даму жоспарларының (бұдан әрі - даму жоспарлары) форматы қайта қаралды.

Осылайша, даму жоспарлары орта мерзімді кезеңге арналған негізгі іске асыру құжаты болып табылады.

Сонымен қатар даму жоспарларын іске асыруға іс-шаралар, жобалар мен бағдарламалар қоса беріледі.

МЖЖ қалыптастыру тәсілдерінің қайта қаралуына байланысты оның стратегиялық құжаттары жаңартылды. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары бекітілді, оған 39 түйінді ұлттық индикатор (бұдан әрі - ТҰИ) кіреді.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ТҰИ-ды нысаналы индикаторларға декомпозициялауды жүзеге асырды, іс-шаралар мен жобалар нақтыланып, даму жоспарлары жаңартылды.

Мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимыл процестері белсенді түрде ілгерілеуде.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы шеңберінде барлық мемлекеттік органдарда және квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінде "е-Өтініш" енгізу бойынша жұмыс жүргізілді.

Мәселен, 2024 жылы "е-Өтініші" АЖ-да 3,8 млн жолданым тіркелді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 31 %-ға артық (2,9 млн) және 2022 жылғы көрсеткіштен екі есе артық (1,9 млн).

2022 жылы 907 адам (өтініш берушілердің жалпы санының 0,1 %-ы) шамамен 266 мың жолданым немесе жалпы көлемнің 14 %-ын жіберді. 2023 жылы бұл көрсеткіш 2,1 мың өтініш берушіден (0,2 %) 592 мың (20,5 %) жолданымға дейін өсті, ал 2024 жылы 3,1 мың азаматтан (0,3 %) 871 мың жолданымға (жалпы санының 23 %-ы) жетті.

Жолданымдарда көрсетілген проблемаларды шешу үшін мемлекеттік органдарға тиісті салалар бөлінісінде өтініш берушілер көтеретін жүйелі проблемаларды талдау және анықтау бойынша өкілеттіктер берілген. Талдау қорытындылары бойынша мемлекеттік органдар оларды шешу жөнінде шаралар қабылдайды.

Азаматтардың жолданымдарымен жұмыс істеуде мемлекеттік қызметшілер, өтініш берушілер үшін ассистенттерді қосуды қамтитын, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен заңнама бойынша жасанды интеллект моделін әзірлеу бойынша жұмыс басталды.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - КеАҚ) базасында барлық қалалар мен аудан орталықтарында "Нәтиже" жолданымдарды қабылдау орталықтары құрылды.

"Е-Өтініш" АЖ халыққа қызмет көрсету орталықтары, сервистік және орен-әкімдіктер, ауылдық округтер әкімдіктері базасында "Нәтиже" орталықтары арқылы қолжетімді. Жолданым берудің, оның ішінде мобильді сервистер (Aitu, mGov, eGov, www.eotinish.kz сайты) арқылы берудің ыңғайлы тәсілінің пайда болуы азаматтар үшін артықшылықтардың бірі болып табылады.

Клиентке бағдарланған және ашық мемлекеттік аппаратты қалыптастыру мақсатында Азаматтарды қабылдау орталығы (бұдан әрі - АҚО) іске қосылды және оның тәжірибесін өңірлерге тарату бойынша жұмыс жүргізілуде.

Елде халыққа қызмет көрсету орталықтары үшін интеграцияланған ақпараттық жүйенің (бұдан әрі - ИАЖ) бірыңғай электрондық кезегіне қосылған 131 АҚО (5 - республикалық маңызы бар қалаларда; 17 - облыстық деңгейде; 31 - қалалық деңгейде; 78 - аудандық деңгейде) жұмыс істейді.

Мемлекеттік органдардың жеке қабылдаулар жүргізу тәртібін біріздендіру мақсатында Орталық мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жеке және заңды тұлғаларды қабылдауының үлгілік регламенті бекітілді және жеке қабылдауды жүргізу стандарты әзірленді.

Қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілерін, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттерін, қоғамдық бақылау нысандарын бекітуді айқындайтын, қоғамдық

бақылауды жүзеге асыруға қатысу шарттарын және оның нәтижелерін қарау жөніндегі нормаларды регламенттейтін "Қоғамдық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Медиация, қоғамдық кеңестер, волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттық қаржыландыру, стратегиялық әріптестік мәселелері бойынша заңдарға түзетулер қабылданды.

Пікірлерін білдіру үшін азаматтар маңызды мәселелер бойынша петицияларды онлайн-сұраным арқылы қарауға беруге мүмкіндік алды.

Петицияларды қараудың қалыптасқан практикасын жинақтау шеңберінде процестің - дауыс жинаудан бастап қорытынды шешім қабылданғанға дейінгі барлық кезеңін қамтитын әдіснамалық ұсынымдар әзірленді.

Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласында үздік практикалар мен халықаралық стандарттарды енгізу мәселелері пысықталуда.

Өз кезегінде, азаматтардың сұранысы негізінде проактивті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге көшу жүзеге асырылуда.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтерді проактивті көрсету, цифрлық құжаттардың қағаз құжаттармен мәнінің бірдей болуы және олардың қолданылу аясын кеңейту, рұқсат беру тәсілдерін қайта қарау, норма шығаруды оңайлату, азаматтық хал актілерін тіркеу функцияларын жергілікті атқарушы органдардан "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КеАҚ-ға беру мәселелері бойынша түзетулер қабылданды.

Мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың АЖ-да қамтылған ашық деректердің қолжетімділігін арттыру, ашықтық стандарттарын енгізу, қоғамдық пікірді есепке алу және сарапшылар қоғамдастығының қатысуы бөлігінде мемлекеттік секторда басқарушылық шешімдер қабылдау процесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар іске асырылды, сондай-ақ әлеуметтік тәуекелдерді мониторингтеу мен болжаудың кешенді жүйесі, "Birgemiz" краудсорсингтік және краудфандингтік платформасы құрылды.

Тиімді, оңтайлы және транспарентті квазимемлекеттік секторды қалыптастыру жөніндегі міндет шеңберінде ұлттық экономикаға мемлекеттің қатысу деңгейін төмендету мақсатында мемлекеттік меншік және квазимемлекеттік сектор объектілерін жекешелендіру жалғасуда.

Бәсекелестікті дамыту, экономикаға мемлекеттің қатысуын қысқарту, бизнес шығасыларын азайту арқылы кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Президенті "Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы" 2024 жылғы 8 мамырдағы № 542 Жарлыққа қол қойды.

Бұл Жарлыққа сәйкес жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтерді айқындау өлшемшарттарын әзірлеуді және олардың тізбесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офис құрылды. Жалпы, Жарлық экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесін азайтуға қосымша серпін берді.

Бұдан басқа, Үкімет:

мемлекеттік қатысу өлшемшарттары (мемлекеттік заңды тұлғалардың қатысуын қайта қарау, нақты секторлар, мақсаттар, шектер мен мерзімдер);

қызметтің (миссияның) негізгі мақсатының сипаты және қаржыландыру көзі бойынша ұйымдардың экономикалық және экономикалық емес ұйымдарға жіктелуі;

корпоративтік басқару модельдері: міндеттері бойынша сараланған және саяси-әкімшілік ықпалдан оқшау транспарентті модель бөлігінде мақұлданған тәсілдерге сәйкес тиімді, оңтайлы және транспарентті квазимемлекеттік секторды қалыптастыру үшін оны реформалау бойынша жұмыс жүргізуде.

Мемлекеттік органдар белгілі бір шаралар, оның ішінде мемлекеттік басқару жөніндегі рейтингтерде Қазақстан позициясын жақсарту бойынша шаралар қабылдауда

Дүниежүзілік Банктің зерттеу деректері бойынша 2021 жылы Қазақстан Дүниежүзілік Банктің Мемлекеттік басқарудың тиімділігі индексі (Government Effectiveness) (бұдан әрі - Мемлекеттік басқару индексі) 54,76 процентильді орынды (немесе шәкіл бойынша 0,03) иеленді, 2022 жылы 58,49 процентильді орынға дейін немесе шәкіл бойынша 0,14-ке жетіп, көрсеткіштің жақсаруы атап өтілген. 2023 жылы Мемлекеттік басқару индексі 57,08 процентильді немесе шәкіл бойынша 0,15 құрады. Көрсеткіштің төмендеуі "Gallup World Poll" ішкі көзі бойынша мәндердің нашарлауымен байланысты, ол үй шаруашылықтарының қоғамдық көлік жүйесімен, жолдар мен магистральдардың жай-күйімен, сондай-ақ білім беру жүйесімен қанағаттануын бағалайды.

Мемлекеттік басқару индексінің нашарлауына қарамастан, оның мәні Worldwide Governance Indicators барлық индикаторларының ішінде ең жоғары болып қала береді.

Сонымен қатар халықтың мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейінің көрсеткіштеріне қол жеткізілуде (2021 жыл: жоспар - 60 %, іс жүзінде - 61 %, 2022 жыл - 62 % және 69,3 %, 2023 жыл - тиісінше 63 % және 71,5 %).

Ақпаратқа құқықтың жаһандық рейтингі (The Global right to information rating) шеңберінде "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының құқықтық базасы ғана бағаланады және осы Заңның практикалық іске асырылуы назарға алынбайды.

Электрондық форматта мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің кемінде 90 %-ына қол жеткізу индикаторы проактивті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге көшудің

негізгі индикаторларының бірі болып табылады. Мәселен, 2021 жылы жоспарлы мәні 81 % болғанымен, электрондық форматта 90 % қызмет көрсетілді, 2022 жылы - 82 % және 92,3 %, 2023 жылы - тиісінше 83 % және 92 %.

Тиімді, оңтайлы және транспарентті квазимемлекеттік секторды қалыптастыру бойынша қабылданып жатқан шаралар оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді: мемлекеттің экономикаға қатысу үлесі 2021 жылы жоспар бойынша 14,9 %-ды, іс жүзінде 14,5%-ды, 2022 жылы 14,7 % және 14,2 %-ды құрады, 2023 жылы тиісінше 14,5 %-ды және 13,7 %-ды құрады.

Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерінің кеңеюіне және функциялардың мемлекеттік басқарудың томен тұрған деңгейлеріне қайта бөлінуіне қарай, ауылдық округтердің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі біртіндеп артуда: 2021 жылы - 17,7 %, 2022 жылы - 19 %, 2023 жылы - 21,2 %.

Жалпы, реформалар мемлекеттік басқарудың неғұрлым теңгерімді және демократиялық жүйесін құруға, "заң және тәртіп" қағидатын нығайтуға, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Олар Қазақстанның әділ және ашық қоғам құруға деген ұмтылысын көрсетеді.

Бұл кезең мынадай:

азаматтар мен мемлекет арасындағы тиісті өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

мемлекеттік аппараттың халық пен бизнестің сұранысына бағдарланған функцияларын қалыптастыру;

сапалы және қолжетімді мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ету;

тиімді квазимемлекеттік секторды дамыту;

жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту сияқты басым мәселелерді шешуге баса назар аударылатын анағұрлым терең өзгерістер кезеңіне айналуға тиіс.

2.1. Азаматтар мен мемлекет арасында тиісті өзара іс-қимылды қамтамасыз ету

Ағымдағы әлеуметтік процестер мен жаңа, оның ішінде пандемияның салдарынан болған экономикалық сын-қатерлер жағдайында азаматтық қоғамның белсенді қатысуына негізделген шешімдер қабылдау моделін қалыптастыру қажеттігі мемлекеттік басқару жүйесі үшін маңызды міндет болып табылады.

Ақпараттың ашықтығы, жеделдігі мен қолжетімділігі, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдарға деген сенім мәселелері қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етудегі негізгі мәселе болып табылады.

Цифрлық технологиялардың, соның ішінде жасанды интеллектінің қарқынды дамуы және азаматтардың көбірек үміт артуы мемлекет пен қоғам арасындағы функционалдық коммуникациялардың зор маңызын көрсетеді.

Алайда мемлекеттік органдар қабылдайтын шараларда жүйеліліктің жеткілікті болмауы мемлекеттік басқару сапасын арттыру мақсатында қоғамдық жұмылу және қоғамдық бақылау құралдарын толық пайдалануға мүмкіндік бермей, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимыл процесін реттеудің бөлшектенуіне алып келеді.

Ресми құжаттарға қолжетімділік баяу немесе сұраным бойынша формалды түрде ұсынылады, бұл мемлекеттік аппараттың қызметіне қатысты халықтың хабардар болу деңгейіне әсерін тигізеді.

Келіп түсетін сұрақтарға, ақпарат сұратуға, ұсыныстарға, азаматтардың шағымдарына талдаудың және халықпен кері байланыс арналарының жұмысына тиісті бақылаудың тұрақты жүргізілмеуі көп жағдайда қоғамның сұранысы мен мүдделеріне немқұрайлы қарауға алып келеді.

Осыған байланысты, қазіргі заманғы үрдістер мен сын-тегеуріндерді ескере отырып, мемлекеттік басқарудың дамуының жаңа тәсілдер мен технологияларды енгізу, оның ішінде жасанды интеллектіні қолдану қажеттігімен бетпе-бет келуі жиілуде.

2.2. Халық пен бизнестің сұранысына бағдарланған мемлекеттік аппараттың функцияларын қалыптастыру

Қазіргі уақытта мемлекеттік аппараттың функциялары мыңнан астам нормативтік құқықтық актілерде айқындалған.

Бұл ретте мемлекеттік функцияларды "мемлекеттік органдардың функциялары" форматында әкімшілік тұрғыдан түсіну пайдаланылады. Мемлекеттік функцияларды іске асыру ведомстволардың жекелеген бөлімшелерінің қызметіндегі жекелеген міндеттерге, процестерге және тіпті операцияларға дейін қиюластырылған.

Осылайша, адамның сұранысын іске асыратын мемлекеттік функциялардың ішінде мемлекеттік органдардың өзінің қызметін "қолдауға" бағытталған әкімшілік функциялар бар.

Сонымен қатар бір функция бірнеше мемлекеттік органның арасында бөлінуі мүмкін, бұл ведомствоаралық өзара іс-қимылдағы қиындықтарға және нәтижесінде түпкі нәтижеге қол жеткізбеуге және мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлері арасындағы функционалдың қайталануына алып келеді.

Мемлекеттік органдардың функцияларын одан әрі ретке келтіру шеңберінде келесі кезеңге - ведомствоішілік мүдделерге емес, халық пен бизнестің сұранысына, қоғамдық игіліктерді тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимылды ескере отырып құруға және әділ бөлуге бағдарланған функцияларды құру үшін мемлекеттік аппараттағы бизнес-процестерді өзгертуге өту қажет.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету және жақсарту мақсатында 2022 жылғы 14 шілдеде "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңға "қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызмет" ұғымы енгізілді.

Қазақстан Республикасының жаңа Бюджет кодексі шеңберінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді негізге ала отырып, сондай-ақ мемлекеттік функциялардың электрондық тізілімі (бұдан әрі - электрондық тізілім) негізінде шығыстарды бөлуге қатысты новеллалар көзделген.

Осыған байланысты мемлекеттік функциялар тізілімін толтыруға бағытталған функционалдық шолу жүргізу қамтамасыз етілетін болады.

Заңнамалық практика мемлекеттік функцияларды беру процесінің баяулауын ғана емес, керісінше, мемлекеттік функциялар санының айтарлықтай өсу процесін көрсетеді.

Әрбір дерлік жаңа заңда қандай да бір уәкілетті мемлекеттік органдардың жаңа, қосымша өкілеттіктерін (функцияларын), кейбір жағдайларда ондаған жаңа өкілеттіктерді бекітетін нормалар бар.

Қазіргі уақытта заң шығару процесі "артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттеуді болғызбау" деп аталатын жолға түсті. Осыны ескере отырып, мемлекеттік органдардың функцияларын құқықтық реттеу процесінде шамадан тыс тәптіштеуді болғызбайтын, бірақ бұл ретте жүктелген өкілеттіктерді тиімді әрі жедел іске асыруға мүмкіндік беретін теңгерімді қамтамасыз еткен жөн.

Мәселен мемлекеттік басқару жүйесінде ең алдымен реттеушілік араласумен байланысты емес балама тәсілдерді іздеу маңызды. Реттеушілік шараларды енгізу қажет болған кезде олар болжамды мақсаттарға қол жеткізу үшін қолайлылығы және азаматтар мен ұйымдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің барынша аз дәрежеде шектелуі тұрғысынан зерделенуге тиіс.

Өз кезегінде, цифрландыру ведомствоаралық ынтымақтастық процестерінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға танымал тәсіл болып табылады. Цифрлық құралдардың рәсімдерді оңайлату, мемлекеттік органдардың жұмысын жеңілдету және құрылымдау, сондай-ақ әртүрлі ведомстволардың деректерін интеграциялау үшін зор әлеуеті бар.

Жобалық басқару да барынша аз шығынмен мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу құралы болып табылады. Мемлекеттік органдарда жобалық басқаруды енгізу орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ даму институттарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру үшін басқарудың икемді әдістерін (мысалы, Agile) қолдануға бағытталған.

Мемлекеттік органдардың жобалық офистерін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілді, Ұлттық жобалау офисі құрылды.

2025 жылдың басында 45 жобалық офис, оның ішінде орталық атқарушы органдарда 21 және жергілікті атқарушы органдарда 20, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қаржылық мониторинг, стратегиялық жоспарлау және реформалар, бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерінде 4 жобалық офис құрылған және жұмыс істейді. Жобалық офистерге жобалық басқаруды пайдалана отырып, стратегиялық және бағдарламалық жоспарлау құжаттарын іске асыруды үйлестіру және әдіснамалық сүйемелдеу жөніндегі функция жүктелген.

2.3. Сапалы және қолжетімді мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ету

Мемлекеттік қызмет көрсету реформасы әкімшілік реформаның өткен кезеңдеріндегі маңызды жетістіктердің бірі болды. "Бір терезе" қағидаты бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарының желісі құрылды. Азаматтар мемлекеттік органдар үшін көрсетілетін қызметті алушыға айналды (жұмыстың әкімшілік сипатының орнына сервистік сипаты).

Бұл ретте бұл реформа бизнес-процестерді (ведомствоаралық келісу, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру процестері) толық автоматтандыруды талап ететін көптеген көрсетілетін қызметтерді сақтай отырып, процестердің бір бөлігіне ғана эсер етті.

Бұл қазіргі уақытта көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер деп түсінуге байланысты. Нәтижесінде іс жүзінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне кіретін 1330 қызметтің тек 10 %-ы ғана сұранысқа ие.

Осыған байланысты мемлекеттік басқарудың сервистік моделіне көшу мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қалыптастыру тәсілдерін қайта қарастыруды да көздейді.

Бюрократияны қысқартуды және ішкі рәсімдерді оңтайландыруды ынталандыратын мемлекеттік аппараттың ұйымдастырушылық мәдениетін қалыптастыру және қолдау шеңберінде барлық процестерді ауқымды цифрландыру жүргізіледі. Осыған байланысты артық операцияларды алып тастап, мемлекеттік органдар мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау процесін, яғни цифрлық технологияларды енгізуді, реинжинирингті және деректерді пайдалануды қамтитын іс-шаралар кешенін ұйымдастыруы қажет.

Жұмыс регламенттеудің оңтайлылығы қағидатын сақтауға, негізделуі жеткіліксіз бюрократиялық жаңа талаптарды енгізуге жол бермеуге, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезіндегі процестерді қоса алғанда, жұмыс рәсімдерін оңтайландыруға бағытталуға тиіс.

Түрлі ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды интеграциялау арқылы бір мәлімдеме қағидаты бойынша композиттік қызметтер көрсетуге негізделген проактивті мемлекет тәсілдерін іске асыру дәйекті қадам болады.

Бұдан басқа, азаматтар үшін бірыңғай стандарттар мен ыңғайлылыққа қол жеткізу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді цифрлық сүйемелдеуге арналған шығыстарды айтарлықтай қысқарту маңызды.

2.4. Тиімді квазимемлекеттік секторды дамыту

Бастапқыда квазимемлекеттік сектор субъектілерін құру мемлекеттің белгілі бір міндеттерін шешуге, оның ішінде стратегиялық маңызды және дамымаған нарықтарды дамытуға, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің кейіннен бәсекелес нарықтан шығып, экономиканың шикізаттық емес секторларында технологиялық өндірістер құруға бағытталған.

Сонымен қатар қазіргі уақытта мемлекеттің экономикаға қатысуының едәуір үлесі сақталуда.

Квазимемлекеттік сектор тиімділігінің төмендігі, оның мемлекеттік бюджетке тәуелділігі, корпоративтік басқарудың әлсіздігі, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың қызметін жалпыелдік мақсаттармен стратегиялық өзара байланыстырудың болмауы байқалады.

Квазимемлекеттік сектордың ақпараттық жабықтығы сақталуда. Компаниялардың құрылымдары, қаржылық қызмет нәтижелері, төленетін дивидендтер және мемлекет қатысатын заңды тұлғалар қызметінің басқа аспектілері туралы деректер ашық қолжетімділікте жоқ.

Осыған байланысты, ұйымдар қызметін өзіндік ерекшелігіне қарай бөліне отырып, тиімді, жинақы және ашық квазимемлекеттік сектор қалыптастыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін осы бағытты одан әрі реформалауды жалғастыру керек.

2.5. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту процесінде белгілі бір қадамдар жасалды. Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде жергілікті өзін-өзі басқару органдары құрылды, жергілікті қоғамдастықтардың жиналыстары мен жиындарын қалыптастыру, өткізу тәртібі, сондай-ақ өкілеттіктері айқындалды.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға мемлекеттік басқаруды бюрократиядан арылту мен демократияландыруға, азаматтардың басым бөлігін жергілікті маңызы бар өзекті проблемаларды шешуге тартуға арналған жалпы үрдісі тұрғысынан үлкен мән беріледі.

2021 жылдан бастап аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдық округтер әкімдерін тікелей сайлау енгізілді.

2023 жылғы 5 қарашада пилоттық режимде алғаш рет 42 аудан мен облыстық маңызы бар 3 қалада әкімдер сайлауы өтті.

Бұл жергілікті басшылардың халық алдындағы жауапкершілігін арттырды және жергілікті жерлерде демократияның дамуына ықпал етті.

2025 жылдан бастап аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлау енгізілді, олар әкімнің заңда белгіленген өкілеттіктер мерзімі аяқталуына немесе әкімнің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына қарай өткізілетін болады.

Мәслихаттарға кандидаттарды бір мандатты қағидат бойынша сайлау тетігі енгізілді.

Олардың дербестігін қамтамасыз ету мақсатында 2018 - 2020 жылдары дербес бюджетті (4-деңгейдегі бюджеттер) және жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін енгізу бойынша маңызды реформа басталды.

Алайда заңнамалық негіздің болуына қарамастан, жергілікті халықтың қатысуы төмен деңгейде қалып отыр. Жағдай жергілікті жерлерде нақты қаржылық

өкілеттіктердің болмауымен күрделене түседі және тиісінше қабылданатын шешімдер жергілікті қауымдастықтардың элеуметтік- экономикалық дамуына әрдайым шынайы әсер ете бермейді.

Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу мақсатында ауыл, кент, ауылдық округ және аудандық маңызы бар қалалар әкімінің жоғары тұрған әкімнен қаржылық және әкімшілік тәуелсіздігі мәселелерін пысықтаудың өзектілігі сақталуда.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Ең алдымен, халықтың жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз етуге бағдарланған мемлекеттік басқарудың сапалы тұрғыдан жаңа моделін құру үшін Сингапур, АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Франция, Финляндия, БАЭ, Аустралия, Қытай және басқа да елдердің халықаралық тәжірибесі мен үздік әлемдік практикалары зерттелді.

Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы байланыс маңызды аспект болып табылады.

Мемлекеттік басқару саласындағы халықаралық практиканы ескере отырып, жеделдікті, инклюзивтілікті және азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуын арттыру, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (бұдан әрі - ЭЫДҰ) мүше елдерде азаматтардың қатысуының озық практикалары мен қағидаттарын енгізу арқылы "халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидатын нығайту жөніндегі жұмыс жалғасады.

Шетелдік практикада мемлекеттік билік органдары қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін мониторингтеу және бағалау үшін цифрлық платформалар, әсіресе мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мониторингтеу және бағалау бөлігінде жиі пайдаланылады.

Аустралияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасына қанағаттану деңгейі туралы деректерді алудың негізгі көзі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет соңында жүргізілетін онлайн-сауалнама сұрақтарына саналы және дұрыс жауап берген белсенді азамат. Осыған байланысты алынған деректердің дәлдігі респонденттердің санына ғана емес, сауалнамаға қатысқандардан алынған жауаптардың сапасына да байланысты. Бағалау кезеңінде бағдарламалардың нәтижелілігін бағалау жүргізуді көздейтін "дәлелдерге негізделген" мемлекеттік саясатты әзірлеу тетіктерін енгізу маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру немесе жекешелендіру процесі көптеген елдердің қазіргі экономикалық саясатындағы негізгі үрдістердің бірі болып табылады. Бұл құбылыс мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, бюджетке түсетін жүктемені азайтуға және жеке сектордың дамуын ынталандыруға деген ұмтылысқа байланысты.

Мысалы, АҚШ пен Финляндияда мемлекеттік функцияларды беру модельдерін салыстырмалы зерттеу осы елдердің жеке секторға өкілеттіктер беру тәсілдеріндегі айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады.

Айталық, Финляндия муниципалитеттері тиімділікті арттыру және мүдделер қақтығысын болғызбау үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді өндіруші мен берушінің функцияларын бөле отырып ұсынады. Олар берушілер арасында бәсекелестік туғызып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді нарықтық тетік арқылы ұсынуды қолданады, бұл тұтынушылар таңдауының әралуандығын жақсартады, инновацияларға ықпал етіп, шығындарды азайтады,

Сингапурде жеке сектор өзінің анағұрлым терең тәжірибесіне немесе көп тиімділігіне байланысты оларды ұсынуға жақсырақ даярланған болса, мемлекеттік сектор, әдетте, белгілі бір көрсетілетін қызметтерді немесе функцияларды аутсорсингке береді. Бұл тәсіл мемлекеттік секторға жеке сектордың мүмкіндіктері мен әлеуетін пайдалануға мүмкіндік береді, ал мемлекеттік сектор ресурстарды түйінді мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен функцияларға шоғырландырады.

Канадада да халыққа қызмет көрсетуді жеңілдету үшін цифрлық көрсетілетін қызметтер қарқынды дамып келеді. Электрондық оқытуды дамыту бағдарламалары, медициналық ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне электрондық қолжетімділік бұған мысал бола алады.

Жасанды интеллект саласындағы халықаралық қоғамдастық белсенді қарқынмен дамып келеді. Жасанды интеллектіні дамыту бөлігінде Еуропа Кеңесінің Жасанды интеллект және адам құқықтары, демократия және құқық үстемдігі туралы негіздемелік конвенциясы елеулі назар аударуға лайық.

Еуропа Кеңесінің Жасанды интеллект және адам құқықтары, демократия және құқық үстемдігі туралы негіздемелік конвенциясының қағидаттары мен пайымдарының тәжірибесін Қазақстанның мемлекеттік басқаруын одан әрі дамытуда да қабылдауға болады.

Адамның қадір-қасиеті мен жеке басының бостандығы (Human dignity and individual autonomy); ашықтық және бақылау (Transparency and oversight) (соның ішінде синтетикалық мазмұнды таңбалау және адамның жасанды интеллект жүйесімен өзара іс-қимыл жасауы контекстінде); есеп беру және жауапкершілік (Accountability and responsibility) (қолайсыз салдарлар үшін) және басқалары негізгі қағидаттар болып табылады.

Бұдан басқа, озық технологияларды мемлекеттік басқаруды жаңғыртуға, атап айтқанда жасанды интеллектіні интеграциялау ЭЫДҰ-ға мүше елдерде барған сайын маңызды бола түсуде.

Бастапқы кезеңдегі (мақсатты анықтау кезеңі) цифрлық технологиялардың негізгі құралдарының бірі - предиктивті аналитика мен машиналық оқытуды қолдануды қоса алғанда, big data ("үлкен деректер" деп аталады) талдауы.

Халықаралық практикада мемлекеттік активтерді басқарудың әртүрлі модельдері бар, бірақ ең үздік практикалар тиімділікке, ашықтыққа, әртараптандыруға және коммерцияландыруға бағытталған.

Мемлекеттік активтерді басқарудың жетекші модельдерінің бірі Сингапурде (Temasek холдингі), Норвегияда (Болашақ ұрпақ қоры арқылы ресурстарды басқару), Финляндияда (Solidium инвестициялық моделі), Қытайда (SASAC арқылы орталықтандырылған басқару) ұсынылғаны белгілі.

Мысалы, басқару процестерін жетілдіру мақсатында Қытай Халық Республикасының Үкіметі мемлекеттік қызметтер көрсету үшін блокчейнді пайдалану жөнінде шаралар қабылдады. Блокчейн платформасында 40-қа жуық электрондық мемлекеттік қызмет көрсетіледі (электрондық сертификаттарды сақтау, деректер алмасу, деректерді бірлесіп өңдеу). Мемлекеттік мүлікті тіркеу бойынша маңызды қызмет блокчейнге ауыстырылды.

Норвегия мен Нидерландыда мемлекеттік активтер KPI (key performance indicators, тиімділіктің түйінді көрсеткіштері) және рентабельділік жүйесі бойынша талданады, тиімсіз активтерге үнемі ревизия жүргізіледі, пайда әкелмейтін мемлекеттік активтер сатылады немесе қайта ұйымдастырылады.

Алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін талдаудың негізгі нәтижелері:

1) мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесі халық тұрмысының жоғары сапасын қамтамасыз ету призмасы арқылы қаралады;

2) персоналды операциялық басқарудан стратегиялық басқаруға көшу мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруге ықпал етеді;

3) жинақы мемлекеттік аппаратты қалыптастыру, оның ішінде аутсорсинг және орталықтандыру арқылы штат санын оңтайландыру жолымен қалыптастыру;

4) ұзақ мерзімді мемлекеттік жоспарлау мемлекеттердің дәйекті дамуының негізгі элементтерінің бірі болып табылады;

5) болжамды сценарийлерді зерделеуге бағытталған, көбінесе модельдеу, үлкен деректерді талдау құралдары және жасанды интеллект қолданылатын болжамды даму құралдарын кеңінен қолдану;

6) квазимемлекеттік сектор субъектілері өзін-өзі ақтау және табыстылық қағидаттарында жұмыс істейді.

4-бөлім. Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту пайымы

Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі дамыту тиімді, әділ, ашық, клиентке бағдарланған және ашық, қоғамның сұраныстарына жедел ден қоятын және "халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидаты бойынша жұмыс істейтін мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға бағытталатын болады.

Бұл ретте мемлекеттік органдардың міндеті азаматтардың сұраныстарын қанағаттандыру, оның ішінде әділдік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету болуға тиіс.

Оңтайлы және тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру жөніндегі реформалардың басымдығы олардың елдің әрбір азаматының өміріне оң әсерін тигізуі призмасы арқылы айқындалатын болады.

5-бөлім. Мемлекеттік басқарудың адамдарға бағдарланған жаңа моделін қалыптастыру жөніндегі негізгі қағидаттар мен тәсілдер

Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі "халық үніне құлақ асатын", тиімді, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекет қағидаттарына негізделетін болады. "Заң және тәртіп" тұжырымдамасы қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етілетін болады.

Қағидаттар мемлекеттік басқару жүйесінің негіз қалаушы қасиеттерін, маңызды сипаттамаларын көрсетеді және мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруда, сондай-ақ мемлекеттік шешімдер қабылдауда бағдар ретінде қызмет етуге арналған.

5.1. "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидаты

Мемлекеттік саясат немесе реформа "ең алдымен адамдар" басымдылық етуші қағидатына бағынуға тиіс. Мемлекеттік саясаттың, елдің бағдарламалық құжатының, ұлттық жобаның немесе реформаның тиімділігін өлшеу олардың халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасына тигізетін әсеріне негізделуге тиіс.

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында "Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын іске асыру" міндеті қойылды. Содан бері билік пен қоғам арасындағы байланыс тетіктері жетілдірілді.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидаты - мемлекеттік аппараттың ашықтығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы үшін қажетті жағдайлар жасауға және азаматтардың сындарлы сауалдарына жедел ден қоюға сайып келетін мемлекеттік басқарудың басымдылық етуші қағидаты.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидатының басымдығы барлық әлеуметтік топтар мен азаматтық сектор субъектілерін қамтитын, азаматтардың проблемаларын тиімді шешуге және қоғамдық пікірді есепке алуға бағдарланған халықпен сындарлы диалогты орнықты қолдау болып табылады.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тәсілі тиімді басқару ақпаратты таратудан немесе саясатты "жоғарыдан төменге" іске асырудан гөрі ауқымырақ нәрсені қажет етеді деп болжайды. Ол кері байланысты, идеялар мен жұртшылық пікірлерін белсенді іздеудің маңыздылығын мойындайды. Мұны жұртшылықпен консультацияларды, сауалнамаларды, жалпы жиналыстарды, онлайн- форумдарды және басқа да қатысу тетіктерін қоса алғанда, әртүрлі құралдардың көмегімен жасауға болады.

Мемлекет пен қоғам қатынасының "төрешіл" моделінен басқарудың проактивті, сервистік және азаматтардың сұраныстарына ден қойғыш нысанына көшу мемлекеттік органдар үшін негізгі мақсат болуға тиіс. Сол арқылы халық өз үніне құлақ астырып,

өзі үшін маңызды шешімдерді таңдауға мүмкіндік алады, бұл, өз кезегінде, мемлекетке деген сенім деңгейін арттырады және "адамға бағдарланған" мемлекетті қалыптастырады.

Проактивтілік қағидаты қызметтерді озыңқы көрсетуге, шешімдерді қабылдаудың барлық деңгейінде барлық мүдделі тараптар үшін игіліктер мен тиімділіктер жасауға, сондай-ақ ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу кезінде проблемалардың туындауын болғызбауға немесе олардан келетін залалды барынша азайтуға бағытталған.

5.2. Тиімді мемлекет қағидаты

Мемлекеттік басқарудың тиімділігі кез келген мемлекеттің дамуы және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру үшін шешуші фактор болып табылады.

Қағидаттың негізінде мемлекеттің қолда бар ресурстарын барынша тиімді пайдалана отырып, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жатыр.

Сонымен бір мезгілде мемлекеттік басқару жүйесі мемлекеттік басқару институттары қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын өлшеуге мүмкіндік беруге тиіс.

Тиімділікті бағалау мемлекеттік басқарудың өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін ұдайы түрде жүргізілуге тиіс.

5.3. Есеп беретін мемлекет қағидаты

Бұл қағидат ақпараттық ашықтықты, қолжетімділікті, қоғамға есеп берушілікті қамтиды.

Ол азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысуына, сондай-ақ азаматтармен өзара іс-қимыл кезінде заманауи ақпараттық технологиялар мен жаңа коммуникациялар құралын кеңінен пайдалануға негізделеді.

Мемлекеттік органдардың ақпаратына қолжетімділікті сапа тұрғысынан арттыру және азаматтардың ақпаратқа құқықтарын қорғау тетіктерін оңайлату маңызды.

Мемлекеттік басқару институттары үшін қоғамдық игілік жеке мүдделерден жоғары тұруға тиіс.

Азаматтардың үміттерін ескере отырып, сенімнің өсуі және барынша болжанатын саясат мемлекеттік басқару институттарының беріктігін нығайтуға ықпал етеді. Жоғары әдептілік стандарттарын сақтамай және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік танытпай, мемлекеттік басқару институттарына деген сенімді нығайту мүмкін емес.

5.4. "Заң және тәртіп" қағидаты.

Бұл қағидат мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылы мен жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарының бірі ретінде айқындалып, елдегі заңдылық мен тәртіпті нығайтуға бағытталады.

Қазіргі уақытта құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алуға және халыққа қызмет көрсетуге баса назар аудара отырып, сервистік модельдің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар қабылданып жатыр.

"Заң және тәртіп" қағидатына сәйкес мемлекеттік және құқық қорғау органдарының жұмысы халықтың құқықтық сауаттылығы деңгейін арттыруға, заңдар мен құқықтық нормаларды сақтауға бағдарланған тұрақты әдеттер мен мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталуға тиіс.

Заң мен әділдіктің сақталуын, азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету маңызды.

Осы қағидатты іске асырудың негізгі тәсілдері Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025 - 2030 жылдарға арналған тұжырымдамада бекітілген.

5.5. Кәсіби мемлекет қағидаты

Мемлекеттік аппаратта жоғары стандарттарға сәйкес келетін құзыреттер мен кадр әлеуетінің болуы мемлекеттік басқаруды сервистік бағдарланған модельге трансформациялаудың негізгі шарты болып табылады.

Бұл ретте өзгерістерге әзірлік барлық мемлекеттік органның күнделікті қызметінің аса маңызды қағидаты болуға тиіс. Бұл мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тұрақты, жүйелі тетігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдар проблемалардың жаңа және инновациялық шешімдерін іздестіруге, сондай-ақ қызмет көрсетудің заманауи әдістерін пайдалануға тиіс.

Бүгінде мемлекеттік органдарда халықпен сапалы өзара іс-қимылды ұйымдастыру үшін қажетті инфрақұрылым (мысалы, "е-Өтініш" АЖ, АҚО және басқалары) бар.

Алайда азаматтармен диалог құруға қабілетті, даярланған кадрлар болмаса, бұл инфрақұрылым стандартты емес жағдайларда тиісті нәтиже бере алмайды.

Осыған байланысты қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен трендтерді ескерсек, халықпен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттік қызметшілерді кәсібилендіру мәселесі өзекті болып табылады.

Өңірлерде кадр ресурстарын нығайтуға, оның ішінде аудандық әкімдіктердің мемлекеттік қызметшілеріне арналған шараларға ерекше назар аудару қажет. Бұл жергілікті жерлерде кадр тапшылығын толықтыруға мүмкіндік береді, өңірлердің одан әрі өсуі мен дамуын қамтамасыз етеді.

Заманауи, технологиялық және экономикалық жағынан озық елдің қалыптасуы үшін бұл ретте осы бағыттағы озық әлемдік стандарттармен үйлестіруді қамтамасыз ете отырып, білім мен инновацияға, адами капитал саласын дамытуға, цифрландыруға және жасанды интеллектке негізделу қажет.

Мемлекеттік органдар нейрондық желілердің мүмкіндіктерін зерделеуге тиіс, олардың негізінде болжамдар мен тәуекелдерді модельдеуге, мемлекеттік басқару жүйесінде цифрлық трансформациялауды белсенді түрде ілгерілетуге болады.

5.6. Прагматикалық мемлекет қағидаты

Мемлекеттік саясат пен реформаларды қалыптастыру және іске асыру, сондай-ақ шешімдер қабылдау кезінде мемлекеттік органдар өз қызметін ұзақ мерзімді перспективаға жоспарлайды және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін ескереді.

Барлық ілеспе тәуекелдерді назарға алу және экологиялық, құрылымдық, қаржылық, экономикалық немесе әлеуметтік бағыттағы мәселе болсын, оның сипатына қарамастан, ауыртпалықты болашақ ұрпаққа жүктемеу маңызды.

Осы қағидатқа сәйкес мемлекеттік шешімдер ғылыми зерттеу (объективтілік, қайталану, байқап көру) әдістеріне негізделген жеткілікті объективті дәлелдемелік база болған кезде ғана қабылданады.

Қаржы ресурстарын басқару ұтымдылық пен прагматизмнің тиісті деңгейімен, сондай-ақ барлық тәуекелдерді ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс. Бюджеттік жоспарлар азаматтардың қатысуымен және олардың қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастырылуға тиіс.

Мемлекеттің үдемелі және орнықты дамуына, оның ішінде мемлекеттік басқару жүйесін цифрландыру арқылы да қол жеткізілетін болады.

Тұжырымдаманың мемлекеттік басқарудың сервистік және "адамға бағдарланған" моделін құруды көздейтін мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді іске асыру қажет:

клиентке бағдарланған және ашық мемлекеттік аппаратты қалыптастыру;

оңтайлы және тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру;

азаматтардың қажеттіліктері негізінде проактивті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге көшу;

тиімді, оңтайлы және транспарентті квазимемлекеттік секторды қалыптастыру;

жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі жетілдіру.

1-міндет. Клиентке бағдарланған және ашық мемлекеттік аппаратты қалыптастыру

Реформаларды жалғастыру және азаматтардың құқықтарын іске асыру әділ және дамыған қоғам құруға ықпал ететін болады.

Осы орайда мемлекеттік басқарудың жаңа моделі - "Ең алдымен адамдар" шеңберінде көрсетілген міндетке қол жеткізу үшін мынадай іс-қимылдарды жүзеге асыру болжанады:

1) халықпен тікелей және кері байланыс арналарының жұмысына жүйелі мониторинг пен талдау жасау.

Клиентке бағдарлануды, жеделдікті және өтініштердің қаралу сапасын бақылауды қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік органдардың халықпен тікелей және кері байланыс арналары арқылы өзара іс-қимыл жасауын жүйелендірген жөн. Бұл азаматтардан келетін тікелей және кері байланыстың барлық арналары бойынша салыстырмалы талдау жүргізуге, проблемалы аймақтарды айқындауға және олармен проактивті тәртіппен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мемлекеттік органдар халықпен өзара іс-қимыл жасау процестерін тұрақты түрде жеңілдетіп отырады. Мемлекеттік қызметшілерді халықпен өзара іс-қимыл жасаудың жаңа нысандарына оқыту, сондай-ақ тиісті әдіснамалық қолдау көрсету қажет.

Мемлекеттік органдарды бағалау өлшемшарттарының жүйесі азаматтар мен бизнестің қанағаттануын бағалау нәтижелерін қамтиды.

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан, үкіметтік емес ұйымдардан және халықтан келіп түсіп жатқан сауалдарға жедел ден қою.

Халықтың болып жатқан оқиғаларды объективті бағалауы үшін мемлекеттік органдар бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілер арқылы, әсіресе дағдарыс жағдайлары мен төтенше жағдайларда азаматтар мен бизнестің мүдделерін қозғайтын ақпаратты жедел ұсынуға міндетті.

Әлеуметтік тәуекелдерді мониторингтеу мен болжаудың кешенді жүйесін мемлекеттік басқарудың барлық деңгейіне енгізу қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл халық арасындағы проблемалық мәселелерді алдын ала анықтауға және оларды жедел шешуге бағытталады.

Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс мемлекеттік орган жұмысының тиімділігін бағалау элементтерінің бірі болуға тиіс, ол Интернет желісіндегі жұмыс сапасын, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды, сондай-ақ баспасөзбен байланысқа ашықтық пен дайындықты қамтиды.

Бұдан басқа, ақпараттық технологияларды қолдана отырып, адамдардың кең тобының шығармашылық қабілеттерін, білімі мен тәжірибесін ерікті түрде пайдаланып, азаматтардың өзекті мәселелерін тиімді түрде шешуге бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобалардың тізбесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін краудсорсингтік платформаларды дамытқан жөн.

Бұл ашық құрал, онда азаматтар, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар елді мекендердің, өңірдің және елдің қандай да бір өзекті мәселелерін шешу үшін өздерінің бастамашыл жобаларын ұсына алады. Бұл жобаларды азаматтардың өздері бағалайтын және бақылайтын болады;

3) мемлекет пен қоғамның тиімді өзара іс-қимылын күшейту.

Халық мемлекеттік органдардың араласуын қажет ететін мәселелерге күн сайын тап болады. "Е-Өтініш" бірыңғай цифрлық экожүйесінің енгізілуі жолданымдарды беру және олардың қаралуын бақылау процесін едәуір жеңілдетті.

Бүгінгі таңда азаматтардың қажеттіліктері мен талаптарын айқындайтын осы жүйеде өтініш берушілердің жолданымдарынан көптеген ақпарат жиналды.

"Е-Өтініш" АЖ-ның мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен жүргізілген интеграциясы жолданымдардың барлық түрін қабылдау үшін "бір терезе" қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Бұдан басқа, "е-Өтініш" АЖ Smart Data Ukimet порталымен интеграцияланған, бұл экожүйе кеңінен қамтитынын және елдің басқа ақпараттық жүйелерімен кешенді өзара іс-қимыл жасайтынын айғақтайды.

Халықпен тиімді өзара іс-қимыл жасау және "е-Өтініш" АЖ арқылы келіп түсіп жатқан жолданымдарға жедел ден қою үшін осы талдамалық құралдарға жолданымдарды талдауға көбірек көңіл бөлуі қажет орталық және жергілікті деңгейлердегі барлық мемлекеттік органдар қосылған.

"Е-Өтініш" АЖ платформасында бірыңғай білім базасын дамыту түйінді бағыттардың біріне айналады.

Ақпараттық-талдамалық құралдарды дамытуға мүмкіндік беретін жасанды интеллект енгізіліп, оның ішінде жолданым мәселесінің сипаты, санаттары мен кіші санаттары, түрі мен тілі бөлігінде жолданымдар бойынша мемлекеттік құқықтық статистиканың анықтығын қамтамасыз ету процестерін автоматтандыру, сондай-ақ халық үшін сезімтал мәселелер бойынша жолданымдарды мемлекеттік органдардың қарауын бақылау сапасын арттыру мақсатында осындай жолданымдарды анықтау арқылы "е-Өтініш" АЖ жетілдіру бойынша жұмыс жалғасады.

Сындарлы қоғамдық диалогты сақтау басым міндеттердің бірі болып қала береді, бұл мемлекеттік органдар мен халықтың коммуникацияларын одан әрі жетілдіру қажеттігін негіздейді.

Осыны ескере отырып, мемлекеттік органдар мен халық арасындағы функционалдық коммуникацияларды дамытудың практикаға бағдарланған тәсілдерін әзірлеген орынды.

Бұл тәсілдер тиімді, ашық және екіжақты өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін түйінді қағидаттарды, әдістер мен құралдарды айқындауға тиіс.

Бұл жұмыста мемлекеттік органдар тарапынан формализмді болғызбау үшін осы коммуникациялардың сапасын бақылау мәселесін шешу түбегейлі маңызды.

Бұл ретте бақылау оларды жедел жетілдіру мүмкіндігімен тұрақты болуға тиіс.

Жалпы Мемлекет басшысы 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" атты Жолдауында (бұдан әрі - Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауы) атап өткендей, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың одан әрі дамуын қамтамасыз ету, адал, объективті болу, тек заң шеңберінде әрекет ету, өз сөзі мен іс-әрекеттеріне жауап беру қажет.

Мамандарды даярлау және қолдау, сондай-ақ азаматтардың жолданымдарын қарау және олармен жұмыс істеу саласында тәжірибе алмасу үшін құзыреттер орталығын қалыптастыруға назар аударылатын болады.

Құзыреттер орталығының қызметі көрсетілетін қызметтерді алушыларға сервистік қызмет көрсетуге, бірыңғай білім базасын пайдалануға және қолдап отыруға, сервистер мен ақпараттық жүйелерді қолдануға, клиентке бағдарлануға, жас мамандарды тартуға, "электрондық үкімет" порталы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу

бойынша дағдыларды арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасын мониторингтеуге және бақылауға, жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтауға және басқаларына бағытталатын болады.

Оқытуды тиісті саланың сарапшыларын тарта отырып және мемлекеттік қызметтің ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, жергілікті жерлердегі мемлекеттік органдарда офлайн-форматта жүргізу жоспарланып отыр;

4) ақпараттың ашықтығын және мемлекеттік органдар қызметінің проактивтілігін қамтамасыз ету.

Ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуге қажетті жағдайлар жасау уәкілетті органның ғана емес, әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті болуға тиіс.

Өтініштермен жұмысты бақылау үшін 2023 жылы пилоттық режимде Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ашықтығы индексі (бұдан әрі - Ашықтық индексі) енгізілді.

Екі жылдық сынақтан өткізу нәтижелері бойынша Ашықтық индексі мемлекеттік органдардың өзін-өзі тәртіптеуі мен қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырудың құралына айналды. Ашықтық индексін мемлекеттік басқару саясатының ажырамас элементі ретінде әрі қарай дамыту және бекіту жоспарлануда.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған ашық деректерге Интернет желісінде қол жеткізуді арттырған жөн.

Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы стандарттары енгізілетін болады.

Азаматтардың мемлекеттік аппарат жұмысын түсінуі үшін әрбір мемлекеттік органның нақты миссиясы мен көзқарасын тұжырымдауын қамтамасыз ету қажет.

Мемлекеттік органдардың барлық интернет-ресурсын ақпаратты ыңғайлы қабылдау үшін мүгедектігі бар адамдардың мұқтажына бейімдеген маңызды.

Ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде орналастырған кезде баяндау тілі мен стилі қарапайым, қысқа және азаматтарға түсінікті болуға тиіс.

Азаматтардың басқарушылық шешімдерді әзірлеу мен іске асыруға толыққанды қатысуын, сондай-ақ үздіксіз хабар беру мен диалог жүйесін құруды қамтамасыз ету қажет.

Бұл үшін саяси шешімдер қабылдау және саясаттарды қалыптастыру процесі проблеманы сәйкестендіру, саясатты әзірлеу және тұжырымдау, оны іске асыру және бағалау кезеңдерін көздейтін болады. Осында сценарийлік жоспарлау, "жұмсақ итермелеу", тәуекелдерді басқару, саясатты ғылыми тұрғыдан қолдап отыру және орнықты даму мақсаттарына жетуге бағдарлау тетіктері қаланады.

Халықтың өзекті сұраныстарын талдау және анықтау, шешім нұсқаларын жасап шығару және сарапшылық қоғамдастықпен талқылау, мәселені шешу нұсқасын талқылау және таңдау, қажетті шараларды қабылдау және қабылданған шаралардың тиімділігін қоғамдық бағалау мүдделі тараптардың шешімдер қабылдау процесіне

тартылуы мен қатысты болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың сапасын, нәтижелілігі мен сабақтастығын арттырады.

Ықтимал проблемаларды анықтау және халықтың әлеуметтік көңіл-күй деңгейін өлшеу тұрақты жүргізілетін әлеуметтанушылық зерттеулер арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл талдау ықтимал осал тұстарды табуға және олар бұқаралық сипатқа ие болғанға дейін оларды шешудің тиісті бағдарламаларын жоспарлауға мүмкіндік береді.

2-міндет. Оңтайлы және тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру

Бүгінгі таңда стратегиялық жоспарлау мен реформаларды жүргізудің жаңа тәсілдерін енгізу мәселелерінде айтарлықтай сапалы өзгерістерге қол жеткізілді.

"Деректерге негізделген үкімет" (Data - driven government) тұжырымдамасын іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мемлекеттік аппаратты одан әрі жетілдіру мемлекеттің рөлі мен функцияларын, ал онымен бірге бүкіл мемлекеттік аппараттың құрылымы мен көлемін қайта ойластыру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Бұл терең және жан-жақты функционалдық талдау жүргізуді талап етеді, оның нәтижесі бойынша мемлекеттік аппараттың қайталанатын, тиімсіз және шамадан тыс бақылау-қадағалау функциялары анықталып, жойылады.

Мемлекеттік органдардың ретке келтірілген функциялары қоғамдық құндылықты құрудың толық басқарушылық циклі ретінде құрылатын болады, онда әрбір процесс халықтың қажеттілігі мен мұқтажына айқындаудан бастап мемлекеттік органның тиімділігін бағалауға және азаматтардың қанағаттануын өлшеуге дейінгі барлық базалық кезеңдерді қамтиды.

Нәтижесінде мемлекеттік аппарат жұмысының процестерін азаматтың мұқтажына қарай өзгерту түпкі өнім болуға тиіс.

Бұған қоса:

- 1) мемлекеттік басқару деңгейлері;
- 2) деңгейлес орналасуы бойынша бір деңгейдегі мемлекеттік органдар;
- 3) мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары;

4) алқалы органдар және мемлекеттік органдардың басшылары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін институционалдық тұрғыдан дәл ажырату осы жұмыстың маңызды бағыты болады.

Мемлекеттік органдардың мемлекеттік саясатты асыруға тікелей қатысы жоқ қосалқы және көмекші бөлімшелерін оңтайландыру қажеттілігіне қарай жалғасатын болады.

Сонымен қатар, штат бірліктеріне оңтайлы қажеттілікті айқындау үшін салалардың іске асырылуын және үйлестірілуін қамтамасыз ететін өңірлік басқармалардың штат санымен салыстырғанда өңірлер әкімдері аппараттарының, сондай-ақ аудандар

әкімдіктерінің және ауылдық округтер аппараттарының штат саны мәселелері олардың функциялары мен көрсететін мемлекеттік қызметтері ескеріле отырып пысықталатын болады.

Нарық субъектілерінің әзірлігін және бәсекелестіктің дамуын ескере отырып, мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру тиімділігін арттыру, олардың мониторингін қамтамасыз ету бойынша жұмыс күшейтілетін болады.

Бұл үшін заңнаманың жекелеген нормаларын қайта қарау арқылы мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру процесі мен тәсілдерін оңайлату жоспарлануда.

Жаңа мемлекеттік функцияларды енгізудің (олар енгізілетін нормативтік құқықтық актінің деңгейіне қарамастан) негізділігін ("ақылға қонымдылығын") неғұрлым қатаң бағалауды пысықтау ұсынылады. Атап айтқанда, кейіннен осы функцияларды "беру" туралы мәселе көтерілмеуі үшін бұлар әуелден бәсекелес ортада бола ала ма, бұларды өзін-өзі реттейтін ұйымдар және (немесе) жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүзеге асыра ала ма деген мәселелерді зерделеу қажет.

Мемлекеттік органдардың қызметіне цифрлық құралдарды қолданып функционалдық шолу жүргізу процесі жетілдірілетін болады.

Осыған байланысты мемлекеттік органның және құрылымдық бөлімшенің әрбір міндеті бөлінісінде функциялардың стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау болып бөлінуі бөлігінде мемлекеттік органдардың ережелері жаңартылатын болады.

Қайталанатын функцияларды анықтау, функцияларды бәсекелес ортаға беру бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар оларды ұстауға бөлінетін мемлекеттік қаражаттың оңтайландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жалпы бұл тәсіл мемлекеттік аппаратты оңтайландыруға, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің штат санының диспропорциясын жоюға және оны өзекті міндеттерді шешуге қайта бөлуге бағытталатын болады.

Бұл ретте цифрлық шешімдер қолданылып жасалатын электрондық тізілімнің болуы функциялардың орындалуын мемлекеттік органдар тарапынан да, азаматтық қоғам тарапынан да бақылау мен мониторингтеу процесін жеңілдетуге ықпал етеді. Бұл мемлекеттік қызметтер көрсету тиімділігін арттыру және мемлекет пен жеке сектор арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту үшін қосымша түрткі болады. Сайып келгенде, электрондық тізілімді енгізу ресурстарды неғұрлым ұтымды пайдалану және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенім деңгейін арттыру үшін негіз болады.

Осымен бір мезгілде бизнес-процестердің өзгеруі толық ауқымды, оның ішінде тапсырмаларды өзгеге беруге, оларды келісу кезеңдері мен каскадтарын қысқартуға, жауапкершілікті дербестендіруге бағытталған өзгеруі мемлекеттік аппарат қызметі реформасының маңызды бағытына айналуға тиіс.

Мемлекеттік органдардың осы жұмысты сапалы орындауына жігер беріп, мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін артық регламенттеуден жүйелі сипаттауға, оңтайландыру мен автоматтандыруға көшуін қамтамасыз ету қажет. Бұл жұмыс бизнес-процестер менеджментінің ұлттық стандартын әзірлеуді және қабылдауды қажет етеді.

Өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің күнделікті жұмысын регламенттеуді қамтамасыз ету үшін "бизнес-процесс" ұғымын заңнама деңгейінде айқындау қажет.

Ішкі процестерді автоматтандырумен және реинжинирингтеумен қатар мұндай бекіту, бизнес-процестерді жаппай цифрландыру мемлекеттік органдардың IT-архитектурасы мен ведомстволық дерекқорын ұлттық деңгейде қалыптастыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде, сондай-ақ шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру, нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мақсатында мемлекеттік басқару жүйесін бюрократиядан арылту бойынша жұмыс, оның ішінде мемлекеттік органдардың сыртқы және ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделей отырып жалғасады.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін жобалық басқаруды дамыту және жобалық әдіснаманың, мемлекеттік басқару жүйесінің және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің дамуы ескеріліп, жобалық басқарудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Бұл ретте мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметшілердің жобалық басқару бойынша біліктілігін арттырғаны жөн.

Мемлекеттік органдар мемлекеттік сектордағы мәселелерді шешуге, бизнесті ынталандыруға, халықтың қажеттіліктеріне бағытталған жаңа инновациялық идеялар мен жобаларды қолдауға тиіс.

Өз кезегінде мемлекеттік қызметті дамыту түйінді үш бағытта құрылатын болады: сервистік және клиентке бағдарланған тәсілді енгізу, кадрлардың кәсібилігін арттыру және HR-процестерді жетілдіру. Бұл процесте "Е-қызмет" ИАЖ-ның мүмкіндіктерін пайдалануды қоса алғанда, цифрландыру маңызды рөл атқарады.

Негізгі назар дәстүрлі әкімшілік модельден сервистік модельге көшуге аударылатын болады, онда азаматтармен өзара іс-қимыл жасаудың сапасы мен олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру түйінді басымдыққа айналады.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуы меритократия қағидаттарына негізделген гибридті модель арқылы іске асырылатын болады. Бұл құзыретті мамандарды тартуға, іріктеу процестерін оңтайландыруға, кандидаттар үшін тең жағдай жасауға және мемлекеттік сектордағы жұмыстың беделін арттыруға мүмкіндік

береді. Жаңа модель жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің сіңірген еңбегі, құзыреті мен мемлекеттің дамуына қосқан үлесі негізінде олардың мансаптық өсуі үшін мүмкіндіктерді де қамтамасыз етеді.

HR-жүйесін жетілдіру кадр әлеуетін ынталандыруға және дамытуға бағытталған персоналды басқарудың озық құралдарын енгізуге бағытталады.

Мемлекеттік аппараттағы жұмыстың тартымдылығы әлеуметтік пакетті қайта қарау есебінен де артады.

Білімін, дағдысы мен машығын мемлекеттік органдардың қажеттіліктерімен өзара тығыз байланыста үздіксіз арттыру мемлекеттік қызметшілер үшін негіз қалаушы қағидатқа айналуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтегі корпоративтік және ұйымдастырушылық мәдениетті жақсарту қажет. Бұл үшін трансформациялық көшбасшылар институтын дамытқан, мемлекеттік қызметшілердің квазимемлекеттік, жекеше және халықаралық ұйымдарда тағылымдамадан өту практикасын таратқан, сондай-ақ бөлімшенің, мемлекеттік органның, саланың қызметін жетілдіру жөніндегі бастамалар мен жаңашыл ұсыныстарды көтермелеу тетіктерін енгізген жөн.

Бұл бағыттар жаңа сын-тегеуріндерге бейімделе алатын және стратегиялық міндеттерді тиімді орындай алатын тиімді, заманауи әрі ашық мемлекеттік қызметті құру үшін негіз қалыптастырады.

3-міндет. Азаматтардың қажеттіліктері негізінде проактивті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге көшу

Қазіргі уақытта 33 орталық мемлекеттік орган бойынша 110 кіші түрді көздейтін қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызметтердің 37 түрі айқындалды. Анықтамаға сәйкес "қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызмет" - үздіксіз негізде жүзеге асырылатын және қоғамның заңды мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызмет.

Осылайша, мемлекеттік аппараттың қызметі азаматтарға проактивті қызметтер көрсетуге бағытталуға және халық мұқтаждығына қайта форматталуға тиіс.

Бүгінгі таңда табиғи монополиялар субъектілері тұтынушыларға азаматтардың тыныс-тіршілігі желісі бойынша 300-ден астам қызмет көрсететінін ескере отырып, олардың қызметтер көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізу қажет.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бұдан әрі де цифрлық форматқа ауыстырылатын болады. Бұл ретте "eGov" ("смартфондағы мемлекет") мобильді қосымшасын дамытуға баса назар аударылады.

Көрсетілетін қызметтер эксаумақтылық (тұратын жерінен тәуелсіз), проактивтілік және композиттілік қағидаттарында ұсынылатын болады.

"Е-Өтініш" АЖ-дан алынған деректерді ескере отырып, жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау басым күйінде қалады.

Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ресми тізіліміне көшіру, оларды регламенттеу және цифрландыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында атап өтілгендей, көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар жеке монополистермен өзара қарым-қатынастарда бір-бірімен бетпе-бет қалмауға тиіс. Ол үшін "әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер" ұғымын заңнамалық түрде бекіту пысықталады. Бұл мәселені шешу азаматтардың қоғам үшін маңызды қызметтер көрсететін ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тетігін құруға, олардың қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталады.

Жүргізілетін қызмет мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің халық үшін қолжетімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Азаматтарға нақты жағдайда қалай әрекет ету керектігін түсіндіретін және тиісті мемлекеттік қызметтерді көрсететін виртуалды көмекшіні енгізу пысықталады.

Рәсімдерді одан әрі оңайлату және азаматтардың қанағаттанушылығын арттыру үшін бұл бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

4-міндет. Тиімді, оңтайлы және транспарентті квазимемлекеттік секторды қалыптастыру

Мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың маңызды бөлігі елдің стратегиялық міндеттерін іске асырудағы квазимемлекеттік сектордың рөлін қайта қарау болады.

Мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту, оның ішінде жекешелендіру тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ мемлекет қатысатын ұйымдар үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін оңтайландыру тәсілдерін қайта қарау арқылы қысқарту бойынша жұмысты жалғастырған жөн.

Осы жұмыстың бір бағыты квазимемлекеттік сектор субъектілерінің нарықпен бәсекелестігі нысанасына тұрақты түрде талдау жасау болуға тиіс.

Қолданыстағы мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау жетілдірілетін болады.

Бұған қоса квазимемлекеттік сектордың қызметіне күнделікті араласуға және ұйымның стратегиясына қайшы келетін міндеттерді күштеп таңуға жол бермейтін ЭЫДҰ-ның стандарттары бойынша квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын құруға көшу қажет.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің көп екенін ескере отырып, квазимемлекеттік сектор туралы барлық қажетті ақпараты бар, пайдаланушылар үшін ашық, қолжетімді және ыңғайлы бірыңғай ресурстың болуын қамтамасыз ету қажет.

Жалпы, квазимемлекеттік секторды жетілдіру жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндаманың ережелеріне және экономиканы ырықтандыру жөніндегі шараларға сәйкес жүргізілетін болады.

5-міндет. Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі жетілдіру

Азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында жергілікті тұрғындармен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, жергілікті жерлерде шешімдер қабылдау аса маңызды. Бұл жергілікті атқарушы органдардың қызметін айтарлықтай жақсартады, сондай-ақ мемлекеттің азаматтармен өзара іс-қимыл деңгейін арттырады.

Бұл үшін жергілікті атқарушы органдар аумақты дамыту, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, жергілікті көліктік, әлеуметтік және өзге де инфрақұрылым, базалық қызметтер көрсету мәселелері бойынша, оның ішінде фискалдық саясатты және өзгеше реттеуді пайдалану мүмкіндігі бар қажетті өкілеттіктер мен құралдар кешеніне не болады.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін орталық өңірлермен бірлесіп, шамадан тыс тәптіштеусіз "жоғары деңгей" индикаторларының шектеулі тізбесін қолдана отырып айқындайтын болады. Сонымен бір мезгілде жергілікті атқарушы органдар өздерінің даму бағдарламаларын құрылымы мен мазмұны жағынан қатаң шектемей әзірлейді.

Орталықсыздандыру саясатын жалғастыру мақсатында облыстық, аудандық (қалалық) және ауылдық басқару деңгейлері арасындағы өңірлік деңгейде өкілеттіктердің, жауапкершілік пен ресурстардың дұрыс теңгерімін қамтамасыз еткен жөн.

Ауылдар, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар және ауылдық округтер деңгейінде толыққанды жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу ерекше маңызға ие.

2021 жылы ауыл әкімдерінен басталған тікелей сайлау елімізде демократиялық процестердің дамуына ықпал ете отырып, аудандар мен облыстық маңызы бар қалаларды біртіндеп қамтуда.

Ауыл әкімдерін оқыту бағдарламасын іске асыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Оқыту бағдарламасы өңірдің мықты кадрлық негізі мен кадр резервін қалыптастыру үшін өңірлік орта буын басшыларына да арналатын болады.

Оқыту тәжірибелі лекторлар пулын тарта отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарының базасында тікелей ұйымдастырылады.

Оқытудың артықшылықтарының бірі - оның практикаға бағдарлануы, бұл алған білімдерін өз қызметінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту тетіктері Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жеке тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылуда.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер

Тұжырымдамада көзделген мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың, 2025 - 2030 жылдарға арналған қағидаттарын, пайымы мен бағыттарын толық көлемде іске асыру мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

Р/с №	Нысаналы индикатор	Өлш.бірл.	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	2030 жыл
1. Клиентке бағдарланған және ашық мемлекеттің аппаратты қалыптасты								РУ
1.	The Global right to information rating (Ақпаратқа құқықтың жаһандық рейтингі), рейтингтегі орын	балл	74	77	79	81	83	85
2.	Дүниежүзілік Банктің халықтың пікірін есепке алу индексі және мемлекеттік органдарының есептілігі (Voice and Accountability)	процентиль	50	57,5	65	72,5	80	87
2. Оңтайлы және тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру								
3.	Дүниежүзілік Банктен мемлекеттік басқару тиімділігі индексінің мәні (-2,5-тен 2,5-ке дейінгі шәкіл бойынша)	шкала	0,51	0,63	0,76	0,88	1,00	1,12
4.	Халықтың мемлекеттік органдарға сенім деңгейі, %	%	67	70	72	73		75

	(әлеуметтік сауалнама)						74	
3. Азаматтардың қажеттіліктері негізінде проактивті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге көшу								
5.	Біріккен Ұлттар Ұйымына н " электронд ы қ үкіметің" да му индексі	тармақ	-	0,87	-	0,88	-	0,89
6.	Адами факторды толығыме н жою және ТОП - 5 0 мемлекетт і к қызметтер көрсету мерзімін 2 0 минутқа дей ін қысқарту	бірлік	25	30	35	40	45	50
7.	Мемлекет т і к көрсетілет і н қызметтер д і н кемінде 90 %-ын тек электронд ы қ форматта алу	%	85	86	87	88	89	90
8.	Халықтың әлеуметтік о с а л топтары ү ш і н мемлекетт і к көрсетілет і н қызметтер д і н кемінде 50 %- ы н	%	25	30	35	40		50

	проактивті түрде көрсету						45	
4. Тиімді, оңтайлы және транспарентті квазимемлекеттік секторды қалыптастыру								
9.	Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқарту, ЖІӨ-ге қатысты	%	14,0	13,9	13,7	13,5	13,2	13,0
5. Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі жетілдіру								
10.	Ауылдық округтердің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі	%	30,0	33,0	35,0	35,5	36,0	36,5

Күтілетін нәтижелер:

Бұл тұжырымдама 2030 жылға дейін әзірленген.

Осы Тұжырымдаманың ережелері тиісті, оның ішінде мемлекеттік басқару мәселелері бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын жетілдіруді көздейтін Іс-қимыл жоспары, сондай-ақ 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын, 2024 - 2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасын, Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын, өзге де жоспарлау құжаттарын іске асыру шеңберінде іске асырылатын болады.

Іске асыру кезеңінде:

мемлекеттік басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру;

мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін және мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін арттыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттің сервистік моделін қалыптастыру мен енгізуді жалғастыру;

тәуелсіз сауалнамалармен өлшенетін мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына халықтың қанағаттану деңгейін арттыру;

азаматтардың орталық мемлекеттік органдар жүргізетін саясатқа қанағаттану деңгейін және халықтың мемлекеттік басқару институттарына сенім деңгейін арттыру жоспарланады.